



MINIMARATHON.KZ ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ТӘРТІП

5-ШІ ЖАҢА ЖЫЛ АЛДЫНДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ КОСТЮМДІ ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫ

Өткізілетін күні: 2025 ж. 28 желтоқсаны

Орны: Almaty Arena

Minimarathon.Kz – бұл жаңа жыл алдындағы костюмді жүгіру жарысы. Барша адамдар қатыса алатын балалар, ересектер және командалық/отбасылық жүгіру жарыстары. Әрбір қатысушыға қойылатын міндетті талап – жаңа жылдық костюм кию немесе жаңа жылдық атрибутиканың болуы.

Қашықтық: 2026 м. Жаңа 2026 жылды бірге қарсы аламыз!



Тіркелу бағасы (бастапқы жарна):

Жеке жарыс (9 – 14 жас) – 7000 теңге.

Жеке жарыс (15 жас және одан жоғары) – 8000 теңге.

Командалық/Отбасылық жарыс (2 қатысушы) – 13 000тг.

Командалық/Отбасылық жарыс (3 қатысушы) – 18 000тг.

Командалық/Отбасылық жарыс (4 қатысушы) – 22 000тг.

Командалық/Отбасылық жарыс (5 қатысушы) – 25 000тг.

1. Жүгіру жарысының мақсаты:

- Балалар мен ересектер арасында бұқаралық спортты насихаттау
- Отбасы болып салауатты өмір салтын дәріптеу
- Ұлтты сауықтыру бойынша бағдарламаны қолдау.

Жарыстың негізгі идеясы: Өмірдегі барлық үлкен старттар кішкентайлардан басталады!

2. Жүгіру жарысы Алматы қ. Алатау ауданы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған.

3. Қашықтықтар мен жас санаттары

Жас санаты	Қашықтық
9 – 14 жас	2026 м
15 жас және одан жоғары	2026 м
Командалық/Отбасылық жарыс	2026 м

4. Шараның таймингі:

10:00 Старттық қалашықтың ашылуы;

10:30 Жүргізушінің сөзі;

10:50 Жеке жарыс алдындағы сергіту жаттығулары;

11:00 9–14 жас санаты үшін старт;

11:20 15 жас және одан жоғары жас санаты үшін старт;

11:40 «Мейірім» оңалту орталығының балалары мен командалық/отбасылық жарыс үшін сергіту жаттығулары;

11:50 «Мейірім» оңалту орталығының ерекше мұқтаждықтары бар балалары үшін старт;

12:10 Командалық/отбасылық жарыс үшін старт;

12:30 Сахнадағы интерактив;

13:00 Марапаттау.

5. Жүгіру жарысының қатысушылары:

- Жоғарыда көрсетілген жас санаттарындағы барлық ниет білдірген адамдар жүгіру жарысына қатыстырылады;
- Жеке жарысқа қатысып отырған қатысушылар командалық/отбасылық жарыстың қатысушысы болуға құқылы;
- Жеке жарысқа тіркелу кезінде қатысушының жасы ескеріледі;
- Барлық жастағы балалар еріп жүретін ересек адаммен бірге бір команда/отбасы ішінде командалық /отбасылық жүгіру жарысына қатыса алады.

6. Нәтижені есептеу және жеңімпаздарды анықтау:

Бұл жарыс мерекелік форматта өтетіндіктен, нәтижелерді белгілеу жүргізілмейді. Нәтиже сайтта жарияланбайды.

7. Жүлделер:

- Мәреге жеткен әр адамға жүгіру жарысының естелік медалі табысталады;
- «ҮЗДІК КОСТЮМ ҮШІН» НОМИНАЦИЯСЫ, әрбір санатта – серіктестер атынан сыйлықтар табысталады.



8. «ҮЗДІК КОСТЮМ ҮШІН» марапаттау:

- Номинация үміткерлерін беделді қазылар алқасы таңдайды.
- Номинанттар саны – 45 жүлдегер

Балалар (жеке жарыс)	10
Отбасылық/Командалық жарыс (команда ішінде 5 адамға дейін)	25
Ересектер (жеке жарыс)	10

- Марапаттау үшін жүргізушінің шақыруымен барлық үміткерлер сахнаға шығып, костюмдерін көрсетеді;

9. Қатысушыларды тіркеу және жарысқа қатыстыру:

- Қатысушыларды тіркеу www.minimarathon.kz сайтында 2025 жылдың 18 желтоқсанында немесе қатысушылардың жалпы саны – 800 адамға жеткенде аяқталады.
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ЕГЕР СІЗ ҚАНДАЙ ДА БІР СЕБЕППЕН ЖАРЫСҚА ҚАТЫСА АЛМАЙ ҚАЛСАҢЫЗ, СТАРТТЫҚ ТӨЛЕМ БОЙЫНША АҚШАҢЫЗ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ!

- Онлайн тіркелу үдерісінен өткен және жүгіру жарысына қатысу төлемін жасаған қатысушы тіркелген болып саналады. Тіркелу үдерісін басынан аяғына дейін өткендер ғана қатысушылар тізіміне енгізіледі
- Тіркелу және старттық төлемді жасау арқылы қатысушы Жарыс тәртібімен келісетіндігін автоматты түрде растайды
- Старттық жиынтықтарды тарату 2025 жылдың 26 және 27 желтоқсанында жүзеге асырылады, таратылатын орнын кейінірек жариялаймыз.
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! СТАРТТЫҚ НӨМІРЛЕРДІ ТАРАТУ БАСҚА КҮНДЕРІ ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ!
- Қатысушы жарысқа старттық нөмірмен ғана қатыса алады.
- Егер қатысушы старттық жиынтығын өзі алып кете алмаса, оны нөмірлер тапсырылатын күні басқа адам алып кете алады.
- Старттық нөмірі жоқ қатысушылар жарысқа қатыстырылмайды.
- Старттық нөмір жақсы көрінуі тиіс, оны алдынан, кеуде тұсында орналастыру керек.
- Басқа біреудің нөмірімен жарысқа қатысуға тыйым салынған. Мұндай жағдай анықталса, нөмірін табыстаған қатысушы және бөгденің нөмірін қабылдаған қатысушы осы жарыстан шеттетіліп, нәтижесі жоққа шығарылады.
- Әрбір қатысушы тек қана өзінің жас санатында жүгіруі тиіс. Старттың уақыты шара таймингінде көрсетілген.

10. Жарыстан шеттету:

- Қатысушы жүгіруді ресми старттан бұрын бастаса;
- Қатысушы жүгіруді старттық аймақ жабылған соң бастаса;
- Қатысушы сөреге старттық нөмірінсіз шықса;
- Қатысушы жарыс ұйымдастырушылары, төрешілері немесе бас дәрігерінің нұсқаулары мен сөздеріне назар аудармаса;
- Қатысушы жүгіру жарысының ережелерін бұзса;
- Қатысушы қашықтықты қысқартса;
- Қатысушы старттық аймақтан тыс жерде жүгіріп бастаса;
- Қатысушы қозғалу үшін механикалық құрылғыны қолданса.

11. Байланыс:

Сайт: www.minimarathon.kz

E-mail: info@minimarathon.kz

Insta: <https://www.instagram.com/minimarathon.kz>

Tel: +7 701 101 91 10 (wa)